

Топ/сынып: Мектепалды топ «Түймедак» стжл тобы
Багалардын жасы: 5 жастагы балалар
Казан айы 2025 жылы

Ұйымдастырылган іс-арекет	Ұйымдастырылган іс-арекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу Кеудеге арналған жаттығулар: Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырды (5-6 рет); Арқаға арналған жаттығулар: отырып аяға, артқа еңкею (5-6 рет) Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көперлігі, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); Негізгі қимылдар: Тене-тендікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен

екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан айтпа өту;

қолдарынан ұстал, жұптарымен айналу.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар.

Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.

Спорттық жаттығулар:

Велосипед, самокат тебу. Шенбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.

Спорттық ойын элементтері:

Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып қағып лақтыру;

Футбол. Берілген бағытқа допты он және сол аяқпен домалату. Доппен затты айналыра жүру. Допты шұңқырға, қақпаға домалату. Допты қатарынан бірнеше рет қабырғаға соғу;

Қимылды ойындар.

Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Бағаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

Дербес қимыл белсенділігі.

Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Бағалардың құрастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау;

олардын жарыктар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, киім-шалбар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.

Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяқты жуу, тістерін мүжикт тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке жеке гигиена зағтарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну дағдысын дамыту.

Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.

Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі бағалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары Қарапайым сүмен жасалатын шараларын жүргізудің дербес дағдыларын бекіту. Ертенгілік гимнастиканы орындауға қызығушылықтарын ояту. Дене бітімін және аяқ өкшелерінің нығайтын қалыптастыру.

Қазақ тілі

Тілдік дамытушы орта.

Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.

Багалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде ынталандыру.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтауды үйрету (басы, ортасы, соңы).

Сөздік қор.

Азық-түлік атауларын (бидай, күрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран), аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, сотым, сыбаға), егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору,) сөздермен толықтыруды жетілдіру.

Тілдің грамматикалық құрылымы

Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.

Байланыстырып сөйлеу.

Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шынармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету.

Тіл дамыту

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:

Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.

Сөздік қор.

Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдануды, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген

	<p>әрекетке заттарды тандай білуіне мүмкіндік беру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы:</p> <p>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу:</p> <p>Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.</p> <p>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және сонын ойдан шығаруды</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.</p>
<p>Сауат ашу негіздері</p>	<p>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды. Бұын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.</p> <p>Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеністікті ажырата білуге үйрету.</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Сан және санау.</p> <p>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жағтықтыру.</p>

<p>Көрнекілік</p> <p>аркылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарынын пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен</p> <p>таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p> <p>10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы</p> <p>теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен</p> <p>теңсіздік шығару. 82</p>	<p>Тендік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық</p> <p>мәндерді дұрыс жалпылау.</p> <p>Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.</p>	<p>Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беруді, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес кимылдар мен қалыптар арқылы беруді (өсімдіктер, жануарлар, құстар).</p>
<p>Сурет салу</p>		

	Боюлармен жұмыс жасауды жетілдіру (боғышта акварельді сурмен араластыру, кажетті түсті алу)	
Мүсіндеу	Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеуді. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білуді, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтауды, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеуді үйрету. Жұмысты ұқыпты орындауды, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтауды жетілдіру.	
Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: шаршылардан үшбұрышты пішіндер қиып алуды. Жапсырудың түрлі тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдануды, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыруды. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, ағалған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыруды дамыту. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды дамыту.	
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру. Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу Қағаздан құрастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструкторивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдануды үйрету Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу,	

Бейнені кескіні бойынша кино үшін қайшыны қолдану.

Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.

Дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білуді. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білуге жетелу.

Музыка

Музыка тыңдау.

Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күймен байланыстыра білуді қалыптастыру.

Ән айту

Ән айту дәтдыларын қалыптастыру

Музыкалық-ырғақтық қимылдар.

Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен;

Билер

Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жейіл, еркін орындауды; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгертуді меңгерту.

Би шығармашылығы.

Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығаруды, мәтінге сәйкес әнді сахналауды;